ИНСТИТУТ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ
ИМЕНИ Р.Б. СУЛЕЙМЕНОВА
МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Зікірия ЖАНДАРБЕК

"Насаб-нама" нұсқалары және түркі тарихы

Алматы 2002



СҮЛЕЙМАНОВ ҚОЛЖАЗБАСЫ
(Қолжазба аудармасы)

Ол – сәйт Адам әулеті. Ол – әрбір пен ниет халықтарының ұлы несиесі, ақиқат шағы еді. Шариғат бақылаушы ондай ғұлама ойын дейін болмаған еді. Ондай тәнді кәсіби, мейірімді ұлы дүниеде ешбір ақ дүниеге әділетін болатын. Ол – адасқандар үшін көпірлік сұрап, олардың күнәсін кешіруді сұрай алатын, ол есігін мен әлемге* несі – ұлы Жаратушының сыйлы берген жолын қалпына келтірген. Ол – жақсылық пен мейірімділіктің несі, ол – тура жолмен жүретін тұлға. «Шындықтың, Сен – адалдық пен әділдіктің, бар жақсылықтың Несіпсің', «Бізді тура жолға бастаң²». Кішкентай кезінен оның болашағы ұлдың зор айтылған болатын: «Біз сені әлемдерге рақмет үшін жібердік»³. Ол жан жүрегінен жанып күйзеліп қалд, Пайғамбарлар жолбасшысы, рухтың иәрі Мұхаммед – Алла елшісі *(Аллаһтың оған рақметі мен сәлемі болсын!)*. Оның әкесі жағынан немере туысқаны, әрі Елшінің *(Аллаһтың оған рақметі мен сәлемі болсын!)* күйеу баласы, Аллаһтың арыстаны, Хайбар қорғанын* алған, көпірлердің көпшілігін тікқан, Исламның тұлғы орнықтан Алиʼ ибн Абу Талиб* *(Аллаһтың оған әлемі болсын!)* және ұлы Аллаһтың құрметтің несі, мұсылмандардың әмірі Әлидің *(Аллаһтың оған сәлемі болсын!)* қайсар Рум жасының болған ұлы Имам Мұхаммед-Ханафия* еді.

Мұхаммед-Ханафияның екі ұлы бар еді: бірінің аты – Абд әл-Мәлик және бірінің аты Абд әл-Фаттах. Абд әл-Маннанның ұлы Рум тарландарымен⁴ тәжік* қылып, дін жолында әділіт⁵ болды. Шах Абд әл-Фаттахтың ұлы – Абд әл-Жаббар. Шах Абд әл-Жаббардың ұлы – шах Абд әл-Кахар. Шах Абд әл-Кахар деп екі ұлы бар еді. Бірінің аты – шах Абд ар-Рахман, бірінің аты – шах Абд ар-Рахим.

---

¹ Қасиет. 68:4
² Сынақ. 1:6
³ Сынақ. 21:7
⁴ *Аллаһ оларды нұр жарық дәулеттің қосқандығы жолдар туралы бақытқа қатысушы*
⁵ *Аллаһтың оған рақметі*
⁶ *мұсылмандардың Исламдық оқушылар ұлы жүрегінің қалаулы сөзімі*
⁷ *Исламдық оқушылар*

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан кейін, қазақ халқының рухани даму тарихын қайта қарау қажеттігі туды. Өйткені, қазақ халқы өзінің тәуелсіздігін алғанша, өз тарихын өзгенің ынталымен жазылған тарих шеберінде ғана хабардар болды. Ол тарихта қазақ халқының тарихи жадты сақтау дәстүрі мүлде есепке алынбады. Оның орнына араб, парсы, қытай, Византия, грек жазба деректеріндегі тарихи мәліметтер негізге алынып, Қазақстан тарихы, қазақ халқының тарихы сол негіздерге сүйене отырып жазылды. Нәтижесінде қазіргі күні қазақ тарихы сырт көзбен қарағандай әсер қалдырады. Ол қазақ халқының жадында өз тарихына үрке қараушылық, немқұрайдылық, менсінбеушілік сияқты теріс пиғылдардың қалыптасуына әкелді. Халықты ондай жаттықпен пиғылдардан арылту, өз халқының өткендегі жеңілісінен сабақ алатындай, жеңісін мақтан тұтатындай дәрежеге жеткізу – бүгінгі күні тарихшылардың басты міндеті. Сондықтан қазақ халқының тарихындағы түбегейлі өзгерістер әкелген тарихи, рухани процестерге қайта талдау жасамайынша, оларды қайтадан саралаудан өткізбейінше, Жас Қазақ мемлекетінің болашақтағы идеологиялық бағыт-бағдарын айқындау

ду мүмкін емес. Қазақ халқының тарихына қайта талдау жасау үшін, халықтың тарихи жадты сақтау дәстүрі, атап айтқанда, шежірелер, жыр-дастандар, аңыз-әңгімелер, әулиелі жерлер туралы аңыздар, ежелгі тарихтар деректемелер ретінде толығымен пайдаланылуы тиіс. Өйткені, халық өз тарихын күні кешеге дейін сол аумақта тарған шежірелер мен аңыз-әңгімелер арқылы танып олардағы келешек ұрпаққа жеткізіп отырды. Халық өзінің өткен тарихын сол халықтың тарихи жадын сақтау дәстүрі арқылы танып білді. Олардағы айтылған мәліметтерді шын тарихымыз деп ұғынды, сол рухта тәрбиеленді. Ал, бүгінгі тарих сол халықтың өзінің ғасырлар бойына қалыптасқан тарихи жадын есепке алмай отыр. Ол өз кезегінде көптеген сұрақтарға жауап бере алмауда. Мысалы, VIII–XII ғасырларда Оңтүстік Қазақстан жеріне исламның келуі мен таралуы, ислам діндарларының келуімен болған рухани процестер, олардың халықтың саяси өміріне әсері, рухани қабаттар, ол рухани процестердің бергі қазақ арасы бүкіл түркі халықтарының діни философиялық өміріне әрқалды әлі күнге тарих тақырыбында қарастырылған емес.

Сол сияқты, қазақ халқы құрамындағы жүздер мен руларды топтасу принциптері әлі күнге өз шешімін таппай келеді. Өйткені, бұл сұрақтарға тарихи жазба деректердегі мәліметтерге сүйеніп жауап беру мүмкін емес. Ол үшін жазба деректерге қоса, қазақ халқының тарихи жадты сақтау дәстүрі кешінен пайдалануы тиіс. Олай болмайынша, бұл мәселелер ешқашан өз шешімін таппайды. Себебі, тарихи жазба мәлімет белгілі бір тарихи ортаны тіркейді де қояды. Ол ортаның себеп-салдарын ашып беруге әлуарсыз. Ал, ортаның себеп-салдарын, мотивті қазір тарихшылар назарынан тыс қалған халықтың тарихи жадты сақтау дәстүрінде жатыр.

Әрине, бұл айтылғандар осы күнге дейін жазылған тарихты жоққа шығару емес. Керісінше, сол тарихты қазақ халқының тарихи жадты сақтау дәстүрін пайдалана отырып кешейту, толықтыру, байыту болып табылады.

Бұл зерттеу жұмысында осы күнге дейін зерттеушілер назарынан тыс қалған, бірақ Қазақстанның VIII–XII ғасырлардағы тарихы жөнінде тың деректер беретін алатын Мәулана Сафи